ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Адилкереев Азиз Багдатович

Өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау жүйесі

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07101-«Энергетика»

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
_____Е.А. Сарсенбаев
«__» _____06_____2023ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Институт энергетики
и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Өндірістік аймақты электрмен жабдықтау жүйесі»

6В07101-«Энергетика»

Орындаған Адилкереев А.Б.

Пікір беруші
техн. ғыл. канд.,
қаумд.профессор
_____ А. Т. Егзекова
(қолы)
«26» _____05_____2023ж.

Ғылыми жетекші
қаумд.профессор
_____ А. А. Жуматова
(қолы)
«22» _____05_____2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6В07101-«Энергетика»

БЕКІТЕМІН
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
_____Е. А. Сарсенбаев
«16» 01 2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы *Адилкереев Азиз Багдатович*
Тақырыбы*: «Өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау жүйесі»*
Университеттің академиялық мәселелер бойынша проректоры бекіткен .
Бұйрық *№ 408-п_ «23» қараша 2022 ж*
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«30» мамыр 2023 ж.*
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері: Қоректендіруді қуаты 25 МВА, кернеуі 230/115/10,5 кВ екі үш орамды трансформатор орнатылған қуаты шектелмеген энергия жүйесінің қосалқы станциясынан жүзеге асыруға болады.
Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны *Электр жүктемелерін есептеу; электр жабдықтарын таңдау;сыртқы электрмен жабдықтау схемаларының нұсқаларын салыстыру*
Сызбалық материалдар тізімі *сызбалық материалдар 12 слайдпен көрсетілген.*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: *14 атау*.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	13.03.2023ж	жоқ.
Экономика бөлімі	11.05.2023ж	жоқ.

Аяқталған жұмысқа қойылған
кеңесшілер мен норма бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, А.Ә.Т. (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Негізгі бөлім	А. А. Жуматова, каумд.профессор	13.03.2023	
Экономика бөлімі	А. А. Жуматова, каумд.профессор	11.05.2023	
Норма бақылау	Ә. О. Бердібеков, магистр, аға оқытушы	22.05.2023	

Жоба жетекші _____ (қолы) А. А. Жуматова

Тапсырманы орындауға алған студент _____ (қолы) А. Б. Адилкереев

Күні «06» 02 2023 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста «Өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау жүйесі» тақырыбы бойынша есептеме жүргізілді. Осы жұмыста электрлік жүктемелерін есептеп, сыртқы электрмен жабдықтау схемалары қарастырып, электрмен жабдықтау схемаларының нұсқаларын салыстырылды. Оған қоса негізгі бөлімде 10 кВ-та құрылғылар мен кабельдер таңдалынып маңызды аспектілер көрсетілді.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе проведен расчет по теме «Система электроснабжения промышленной базы». В данной работе были рассчитаны электрические нагрузки, рассмотрены схемы внешнего электроснабжения, проведено сравнение вариантов схем электроснабжения. Кроме того, в основном разделе были показаны важные аспекты выбора устройств и кабелей на 10 кВ.

ANNOTATION

In this thesis work, calculations were performed on the topic "Electrical supply system of the industrial base". This thesis work included calculations of electrical loads, consideration of external power supply systems, and comparison of power supply system options. In addition, this volume presents important aspects of the selection of equipment and cables for 10 kV.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау	8
1.1	Жобаға берілген деректер	8
2	Өнеркәсіптік аймақтағы цехтардың электр жүктемелерін есептеу	9
2.1	Цехтардың электр жүктемелерін есептеу	9
2.2	Цехтардың жарықтандыру жүктемесін есептеу	11
2.3	Цех трансформаторларының саны мен 0,4 кВ кернеу кезіндегі реактивті қуаттың компенсациялары	16
2.4	$Q_{НБК}$ ТҚС-ның реактивті жүктемеге пропорционалды тарату	19
2.5	Өнеркәсіптік аймақтың нақтыланған жүктемесінің есептелуі	20
3	Сыртқы электрмен жабдықтау схемасының нұсқаларын салыстыру	25
3.1	Бірінші нұсқа 115 кВ желі үшін	25
3.2	Екінші нұсқа 10,5 кВ желі үшін	37
4	10 кВ кернеуде қондырғылар таңдау	48
4.1	БТҚС шинаның қысқа тұйықталу тоғын есептеу	48
4.2	10 кВ кернеуде сөндіргіштердің параметрін тексеру	49
4.3	Тоқ трансформаторларының параметрін тексеру	52
4.4	Кернеу трансформаторларыныың параметрін тексеру	58
4.5	ТҚС жүктемеге ажыратқыштарының параметрін тексеру	59
4.6	ТҚС автоматты ажыратқыштарының параметрін тексеру	59
4.7	БТҚС шинасының параметрін тексеру	59
4.8	Изолятор параметрін тексеру	60
	Қорытынды	63
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	64
	А қосымша	65

КІРІСПЕ

Өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау жүйесі кез келген өнеркәсіптік алаңның инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болып табылады. Электрмен жабдықтау өндірістік жұмыстың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Бұл жұмыста өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау мәселелері қарастырылады, өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтаудың заманауи және энергия тиімді жүйесін құру бойынша техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді шешудің нұсқалары ұсынылады. Сонымен қатар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергия тиімділігінің ағымдағы деңгейі талданады және энергия шығынын азайту және электрмен жабдықтау тиімділігін арттыру әдістері ұсынылады. Сондай-ақ, жұмыста өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау жүйесін жобалау және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша негізгі аспектілер қарастырылады. Осылайша, бұл жұмыс өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтаудың күрделілігін және өнеркәсіптік саланы одан әрі дамыту үшін сенімді және тиімді электрмен жабдықтау жүйесін құрудың маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жарықтандыру және технологиялық желілердің жұмыс істеуі. Осыған байланысты сенімді, қауіпсіз және энергияны үнемдейтін электрмен жабдықтау жүйесін құру өндірістік қуатты ұлғайту және өнеркәсіптік аймақ жұмысының тиімділігін арттыру үшін қажетті шарт болып табылады.

1 Өнеркәсіптік аймақты электрмен жабдықтау

1.1 Жобаға берілген деректер

Жобалауға арналған бастапқы деректер:

1) Өнеркәсіптік аймақтың бас жоспарының сызбасы

2) Өнеркәсіптік аймақтың цехтары бойынша электр жүктемелері туралы мәліметтер.

3) Қоректендіруді қуаты 25 МВА, кернеуі 230/115/10,5 кВ екі үш орамды трансформатор орнатылған қуаты шектелмеген энергия жүйесінің қосалқы станциясынан жүзеге асыруға болады.

4) Энергожүйеден өнеркәсіптік аймаққа дейінгі қашықтық 3 км.

5) Өнеркәсіптік аймақ үш ауысымда жұмыс атқарады.

Электр жүктемелері

Цех №	Атауы	ЭҚ саны, n	Орнатылған қуат, кВт	
			Бір эк, $P_н$	Суммарлық $P_н$
1	Цемент қоймасы	15	1-25	85
2	Арматуралық болат қоймасы	24	1-40	130
3	Бетон араластыру цехы	42	1-60	930
4	Бетон конструкцияларын өндіру корпусы	70	1-70	1750
5	Дайын өнім қоймасы	35	1-45	240
6	Силикат-бетон бұйымдары цехтарының блогы	110	1-150	5400
7	Сорғы станциясы	20	1-55	470
8	Құрылыс цехы	45	1-30	300
9	Жөндеу-механикалық база	56	1-40	560
10	Дайын құбырлар қоймасы	12	1-35	160
11	Қазандық	50	1-110	640
12	20 автокөліктік гаражы	15	1-40	340
13	Әкімшілік корпус	43	1-40	310

2 Өнеркәсіптік аймақтағы цехтардың электр жүктемелерін есептеу

2.1 Цехтардың электр жүктемелерін есептеу

Өнеркәсіптегі қондырғылар үшін қуат көздерін жобалау кезінде электр жүктемесі негізгі беріліс болып табылады. Электр жүктемесінің мөлшеріне байланысты электрмен жабдықтау жүйесінің Электр жабдықтары таңдалады және тексеріледі, қорғаныс және өтемақы құралдары таңдалады, электр энергиясы мен энергия тұтыну шығындары анықталады, кернеудің ауытқуы және жүктеме ауытқуы есептеліп қарастырылады. Дипломдық жұмыста есептеме «реттелген жүктеу диаграммасын қолдану» қарастырылады.

Жүктемені есептеу мысалы ретінде цемент қоймасының электр жүктемесін есептеу. Қуат көзі цех жоспарында орнатылған: қуат тарату шинасы, қуат тарату шкафы, жабдық панелі.

Цехтың барлық электр қабылдағыштар қуат көздерін таратады. Тарату барысында берілген приципті ерді ескеруіңіз керек:

1) Белгілі қуат көздеріне қосылу саны мүмкіндігінше көп болуы керек.

2) ЭҚ-тан қуат көзіне дейінгі қашыктык минималды болуы керек (түсі: металды үнемдеу және кернеудің жоғалуын азайту үшін).;

3) Қуаты 75кВт көп электр ТҚС немесе РП шинаның радиалды жабдықтары қажет;

4) Цех бойынша қуаттардың кері ағуын болдырмау.

Белгілі бір қуат көзіне жалғанған электр қабылдағыштары бірдей жұмыс режиміндегі топтарға бөлінеді (мысалы, $К_и$ және Cosφ электр қабылдағыш). Әр топ үшін электр қабылдағыштың нөмірі мен қуаты, ал бірнеше қозғалтқышы бар қондырғылар үшін қозғалтқыштың нөмірі мен қуаты көрсетілген.

Кестедегі есептеулер мен орын толықтыру ретіне келесілер жатады:

1) бірінші бағанда - техникалық қондырғылардың саны тіркеледі;

2) екінші бағанда – ЭҚ-тың әрбір куат көзінің, тобынын және қуатынын атауы мен нөмірі;

3) үшінші бағанда - ЭҚ саны;

4) төртінші бағанда – ЭҚ-тың әр тобы үшін минималды және максималды қуаттары.

5) бесінші бағанда - ПВ ЭҚ-тың жалпы тұрақты қуаты 100%-ге дейін толықтырылады

6) алтынші бағанда – m саны келесі өрнекпен қарастырылады

$$m = \frac{P_{н\,макс}}{P_{нmin}} \qquad (2.1)$$

7) жеті мен сегізінші бағанда – колдану және куат коэффициенттері

$$К_и = \frac{\sum Рср_{см}}{\sum Рном} \quad (2.2)$$

8) тоғызыншы бағанда – ЭҚ-дың тиімді саны шығарылады;

9) он мен он бірінші бағанда - ЭҚ тобы үшін ен көп жүктелген ауысымдар үшін орташа активті әрі реактивті жүктемелер есептеледі

$$Р_{см} = К_и \cdot Р_н, кВт \quad (2.3)$$

$$Q_{см} = Р_{см} \cdot tg\varphi, квар \quad (2.4)$$

10) он үш пен он төртінші бағанда - түйіннің ЭҚ максималды активті әрі реактивті жүктеме 30 минутты құрайды

$$P_м = P_{см} \cdot K_м, кВт \quad (2.5)$$

$n_э \le 10$ болса $Q_м \le 1{,}1 \cdot Q_{см}$, кВар егер $n_э \ge 10$ болса, $Q_м \equiv Q_{см}$, кВар.

Максималды коэффициенттің саны қабылдағыш бөлімнің пайдалану коэффициенті мен $n_э$ қабылдағыштарынын кол жетімді мәніне байланысты. Әдебиетте сипатталған қисыкка сәйкес максималды коэффициентті анықтаныз.

11) Есептелген қуат көзінін максимум толық жүктемесі келесі өрнекпен қарастырылады

$$S_р = \sqrt{P_р^2 + Q_р^2} \quad (2.6)$$

12) он алтыншы бағанда – максималды есептелінген тоқ мәні келесі түрде өрнектеледі

$$I_р = \frac{S_м}{\sqrt{3} \cdot U} \quad (2.7)$$

2.2 Цехтардың жарықтандыру жүктемесін есептеу

Зауыттық жүктемені аныктау кезінде жарықтандыруға жүктемені есептеу женілдетілген әдісті қолдана отырып есептеу жарықтандыруға жүктеменің нақты тығыздығын және өндірістік алаңның 1 м^2-ге қажеттілік коэффициентін алуға мүмкіндік береді.

Осылайша есептелген жарықтандыру жүктемесі ең көп жүктелген ауысымдағы орташа жарықтандыру қуатына тең деп есептесек, ол келесі формула бойынша есептеледі.

$$P_{PO} = K_{CO} \cdot P_{YO}, кВт \tag{2.8}$$

$$Q_{PO} = tg\varphi_0 \cdot P_{PO}, кВар \tag{2.9}$$

бұл жердегі: K_{CO} – жарықтандыру жүктемелеріне қажеттілік коэффициенті.

$tg\varphi_0$ - реактивті қуат коэф. cos арқылы қарастырылады

P_{YO} – цехтардың жарықтандыру қабылдағышының тұрақты қуаты

$$Q_{YO} = P_{PO} \cdot F, кВт \tag{2.10}$$

осындағы F – зауыттың бас жоспарымен анықталатын өндірістік корпустың ауданы

$$F_{тер} = F_1 + F_2 + F_3 + ... + \cdot F_{13} \tag{2.11}$$

$$F_{тер} = A \cdot B, м^2 \tag{2.12}$$

$$F_{осв} = F_{тер.зав} - F_{тер.цех} \tag{2.13}$$

мұнда $P_O - 1м^2$ меншікті есептік қуаты, кВт. Бұл мән ғимараттың түріне байланысты. Барлық шыққан мәндер 2.1-кестеге “Цехтардың жарықтандыру жүктемені есептеу” енгізіледі.

Өндірістік аймақ жүктемесінің картографиялық диаграммасын жасау үшін келесі мәндерді анықтаңыз.

$$\mathrm{R} = \sqrt{\frac{\mathrm{Pp}}{\mathrm{m} \cdot \pi}}, \tag{2.14}$$

$$\alpha = \frac{Ppo}{Pp} \cdot 360^0, \tag{2.15}$$

2.1-кесте- Цехтардың жарықтандыру жүктемесін есептеу

Цех №	Цехтардың атауы	Орындардың өлшемі	Орындардың ауданы. м2	Меншікті жарық-у жүктемесі, ро кВт/м2	Сұраныс коэффициент Кс	Тұрақ.қуаты. осв. Руо кВт	Жарықтандыру жүктемесінің есебі		cosφ	$tg\varphi$
							Рро ,кВт	Qро,кВт		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Цемент қоймасы	50х38	1900	0,015	1	28,5	28,5	14,25	0,9	0,5
2	Арматуралық болат қоймасы	56х37	2072	0,015	1	31,1	31,1	15,55	0,9	0,5
3	Бетон араластыру цехы	35х35	1225	0,015	1	18,4	18,4	9,2	0,9	0,5
4	Бетон конструкцияларын өндіру корпусы	52х104	5408	0,02	1	108,2	108,2	54,1	0,9	0,5
5	Дайын өнім қоймасы	119х95	11305	0,02	1	226	226	113	0,9	0,5
6	Силикат-бетон бұйымдары цехтарының блогы	55х82	4510	0,02	1	90,2	90,2	45,1	0,9	0,5
7	Сорғы станциясы	17х25	425	0,005	1	2,2	2,2	1,1	0,9	0,5
8	Құрылыс цехы	25х54	1350	0,015	1	20,3	20,3	10,15	0,9	0,5
9	Жөндеу-механикалық база	33х33	1089	0,015	1	16,4	164	82	0,9	0,5
10	Дайын құбырлар қоймасы	44х25	1100	0,015	1	16,5	16,5	8,25	0,9	0,5
11	Қазандық	42х25	1050	0,015	1	15,8	15,8	7,9	0,9	0,5
12	20 автокөліктік гаражы	42х52	2184	0,015	1	32,8	32,8	16,4	0,9	0,5
13	Әкімшілік корпус	32х63	2016	0,015	1	30,3	30,3	15,15	0,9	0,5

2.2-кесте- Цехтардың күштік жүктемелі кернеулерін анықтау 0,4 кВ

№	Цехтардың атауы және ЭҚ-ң тобы	ЭҚ саны	Номиналды қуат		m	Ки	cosφ	tgφ	Орта жүктеме		nэ	Км	Есептік қуат				
			Pmin/Pmax кВт	∑Рн кВт					Рсм, кВт	Qсм, кВар			Рр, кВт	Qр, кВар	Sр, кВА	R мм	α град
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
1	Цемент қоймасы																
	күштік	15	1-25	85	>3	0,25	0,6	1,33	21,25	28,27	7	2	42,5	28,27			
	жарықтық								28,5	14,25			28,5	14,25			
	Жинағы								49,75	42,52			71	42,52	82,75	6,72	241
2	Арматуралық болат қоймасы																
	күштік	24	1-40	130	>3	0,35	0,6	1,33	45,5	60,5	7	1,7	77,35	60,5			
	жарықтық								31,1	15,55			31,1	15,55			
	Жинағы								76,6	76,05			108,45	76,05	132,45	8,31	144
3	Бетон араластыру цехы																
	күштік	42	1-60	930	>3	0,5	0,75	0,88	465	409,2	31	1,16	539,4	409,2			
	жарықтық								18,4	9,2			18,4	9,2			
	Жинағы								483,4	418,4			557,8	418,4	697,3	18,9	12,2
4	Бетон конструкцияларын өндіру корпусы																
	күштік	70	1-70	1750	>3	0,4	0,7	1,02	700	714	50	1,14	798	714			
	жарықтық								108,2	54,1			108,2	54,1			
	Жинағы								808,2	768,1			906,2	768,1	1187,9	24	48,8
5	Дайын өнім қоймасы																
	күштік	35	1-45	240	>3	0,3	0,8	0,75	72	54	11	1,56	112,4	54			
	жарықтық								226	113			226	113			
	Жинағы								298	167			338,4	167	377,36	14,7	163
6	Силикат-бетон бұйымдары цехтарының блогы																
	күштік	110	1-150	5400	>3	0,4	0,75	0,88	2160	1900,8	72	1,1	2376	1900,8			
	жарықтық								90,2	45,1			90,2	45,1			
	Жинағы								2250,2	1945,9			2466,2	1945,9	3141,44	39,63	13,6

13

2.2 кестесінің жалғасы

№	Цехтардың атауы және ЭҚ-ң тобы	ЭҚ саны	Номиналды қуат		m	Ки	cosφ	tgφ	Орта жүктеме		nэ	Км	Есептік қуат				
			Pmin/Pmax кВт	∑Pн кВт					Pсм, кВт	Qсм, кВар			Pр, кВт	Qр, кВар	Sр, кВА	R мм	α град
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
7	Сорғы станциясы																
	күштік	20	1-55	470	>3	0,7	0,8	0,75	329	246,8	17	1,11	365,2	246,8			
	жарықтық								2,2	1,1			2,2	1,1			
	Жинағы								331,2	247,9			367,4	247,9	443,21	15,29	2,2
8	Құрылыс цехы																
	күштік	45	1-30	300	>3	0,5	0,7	1,02	150	153	20	1,2	180	153			
	жарықтық								20,3	10,15			20,3	10,15			
	Жинағы								170,3	163,15			200,3	163,15	258,33	11,3	40,6
9	Жөндеу-механикалық база																
	күштік	56	1-40	560	>3	0,35	0,75	0,88	196	172,5	28	1,21	237,2	172,5			
	жарықтық								164	82			164	82			
	Жинағы								360	254,5			401,2	254,5	475,11	15,98	148,9
10	Дайын құбырлар қоймасы																
	күштік	12	1-35	160	>3	0,3	0,8	0,75	48	36	9	1,65	79,2	36			
	жарықтық								16,5	8,25			16,5	8,25			
	Жинағы								64,5	44,25			95,7	44,25	105,43	7,8	75
11	Қазандық																
	күштік	50	1-110	640	>3	0,55	0,8	0,75	352	264	12	1,25	440	264			
	жарықтық								15,8	7,9			15,8	7,9			
	Жинағы								367,8	271,9			455,8	271,9	530,73	17	12,92
12	20 автокөліктік гаражы																
	күштік	15	1-40	340	>3	0,3	0,7	1,02	102	104,1	15	1,43	145,9	104,1			
	жарықтық								32,8	16,4			32,8	16,4			
	Жинағы								134,8	120,5			178,7	120,5	215,53	10,66	80
13	Әкімшілік корпус																
	күштік	43	1-40	310	>3	0,4	0,75	0,88	124	109,1	16	1,28	158,8	109,1			
	жарықтық								30,3	15,15			30,3	15,15			

2.2 кестесінің жалғасы

№	Цехтардың атауы және ЭҚ-ң тобы	ЭҚ саны	Номиналды қуат		m	Ки	cosφ	tgφ	Орта жүктеме		nэ	Км	Есептік қуат				
			Pmin/Pmax кВт	∑Рн кВт					Рсм, кВт	Qсм, кВар			Рр, кВт	Qр, кВар	Sр, кВА	R мм	α град
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
	Жинағы								154,3	124,25			189,1	124,25	226,26	10,97	67,9
	Территорияны жарықтандыру												195,6	97,8			
	Барлығы												6531,9	4742,3	8071,87		

2.3 Цех трансформаторларының саны мен 0,4 кВ кернеу кезіндегі реактивті қуаттың компенсациялары

Цехтағы трансформаторлардын саны мен қуаты келесі жағдайда қарастырылып, бұл тек техникалык-экономикалык есептеулер арқылы мүмкін болады. Трансформатор қалыпты (штаттық) және апаттык режимдердегі трансформатордын қайта тиеу қабілеті. Жүктеме кестесіне сәйкес трансформатордың тиімді жұмыс режимі.

Есептеме үшін келесі деректер:

$P_{P0,4}$ = 6531,9 кВт;

$Q_{P0,4}$ = 4742,3 кВар;

$S_{P0,4}$ = 8071,87 кВА.

Өнеркәсіптік аймақ екінші категориялы тұтынушыға жатады, аймақ үш аусымда жұмыс атқарады, сол үшін трансформатор жүктелу коэффициенті $K_{ЗТР} = 0{,}8$. Трансформатор қуатын $S_{НТР} = 1000\ кВА$ деп қарастыруға болады.

Ең жоғары есептемелік активті жүктемені ұстап тұру үшін қажетті қуаттары бірдей цех трансформаторлардың ең аз саны

$$N_{т\,min} = \frac{P_{p\,0,4}}{Kз \cdot Sнт} + \Delta N \qquad (2.16)$$

$$N_{т\,min} = \frac{6531{,}9}{0{,}8 \cdot 1000} + 0{,}8 = 10$$

бұл жердегі $P_{P0,4}$ – жалпы есептік активті қуат;

$K_{ЗТР}$ –трансформатордың жүктеме коэффициенті;

$S_{НТР}$ – трансформатордың қабылданған номиналды қуаты;

ΔN – ең жақын бүтін санды толықтырамыз.

Экономикалық тиімді саны:

$$N_{Т.Э} = N_{min} + m \qquad (2.17)$$

осындағы m – қосымша трансформаторлардын саны;

$N_{Т.Э}$ - $З^*_{П/СТ}$ - күрделі шығындардың белгілі бір компоненттерін ескере отырып реактивті қуатты берудің нақты құнымен анықталады

$$З^*_{П/СТ} = 0{,}5;\ K_З = 0{,}8;\ N_{min} = 10;\ \Delta N = 0{,}8,$$

$$N_{Т.Э} = 10 + 0 = 10$$

Трансформаторлардың таңдалған санына байланысты трансформатор арқылы кернеуі 1 кВ дейінгі желіге берілетін максималды реактивті қуат анықталады (2.1-сурет).

$$Q_1 = \sqrt{(K_з \cdot N \cdot S_{нН.Т.})^2 - P^2{}_{р0,4}} \qquad (2.18)$$

$$Q_1 = \sqrt{(0{,}8 \cdot 10 \cdot 1000)^2 - 6531{,}9^2} = 4618{,}9 \text{ кВар}$$



2.1-сурет- Конденсатор батареясының жалғанылуы

0,4 кВ шинанын реактивті куат балансынын шартынан $Q_{НБК}$ мәнді анықтаңыз:

$$Q_{НБК} + Q_1 = Q_{Р0,4}\,; \qquad (2.19)$$

$$Q_{НБК} + Q_1 = Q_{Р0,4} = 4742{,}3 - 4618{,}9 = 123{,}4 \text{ кВар}$$

Трансформаторлар үшін төменгі кернеу конденсатор батареясының (НБК) қосымша $Q_{нбк\,2}$ қуаты келесі өрнекпен қарастырылады:

$$Q_{НБК2} = Q_{Р0,4} - Q_{НБК1} - \gamma \cdot \mathrm{N}_{ТЭ} \cdot S_{НТ} \qquad (2.20)$$

$$Q_{НБК2} = 4742{,}4 - 123{,}4 - 0{,}2 \cdot 10 \cdot 1000 = 2619\ кВар$$

мұнда $\gamma = 0{,}2$ – есептік коэфф; $\gamma = f(k_1 = 14, k_2 = 2)$– қуаттары $Q_{НТР} = 1000\ кВА$ трансформаторларға арналған.

$$Q_{НБК} = Q_{НБК1} + Q_{НБК2} \qquad (2.21)$$

$$Q_{НБК} = 123.4 + 2619 = 2742{,}4$$

Әр трансформаторға сәйкесінше келетін бір конденсатор батареясының қуаты анықталынады:

$$Q_{НБК\ ТП} = \frac{Q_{НБК}}{N_{ТЗ}} \qquad (2.22)$$

$$Q_{НБК\ ТП} = \frac{2742,4}{10} = 274,24 \approx 280\ кВар$$

Әдебиеттерден конденсатор батареясын келесідей таңдаймыз:

НБК: УКМ58-0.4-280-40 У3.

Есептеулер нәтижесі бойынша 2.4-кесте- ТП бойынша цехтер жүктемелерін тарату құрылады.

Біз ТҚС шеберханасын 1 және 2 трансформатор түрінде қабылдаймыз. Біз шеберханаларды олардың жүктемесін ескере отырып, аумақтық негізде топтарға бөлеміз. ТҚС1-ТҚС5 БТҚС шинаға қосылады. Біз зауыттың бас жоспарына ТҚС1-ТҚС5 енгіздік.

2.3-кесте- ТҚС бойынша цех жүктемелерін тарату

ТҚС	ЦЕХ	Рр	Qр	Sр	Кз
ТҚС1-2 (4х1000)	2	108,45	76,05		
	6	2466,2	1945,9		
	7	367,4	247,9		
$Q_{нбк}$ (4х280)=1120			-1120		
Жинағы		2942,1	1149,85	3158,8	0,78
ТҚС 3-4 (4х1000)	1	71	42,52		
	3	557,8	418,4		
	4	906,2	768,1		
	8	200,3	163,15		
	9	401,2	254,5		
$Q_{нбк}$ (4х280)=1120			-1120		
Жинағы		2136,5	526,7	2200,5	0,66
ТҚС 5 (2х1000)	5	338,4	167		
	10	95,7	44,25		
	11	455,8	271,9		
	12	178,7	120,5		
	13	189,1	124,25		
	ЩО	195,6	97,8		
$Q_{нбк}$ (2х280)=560			-560		
Жинағы		1453,3	265,7	1477,4	0,73

2.4 $Q_{НБК}$ ТҚС-ның реактивті жүктемеге пропорционалды тарату

Бастапқы берілулер:
$Q_{P0,4}$=4742,3 кВар;
$Q_{НБК}$=2742,4 кВар.

<u>ТҚС1- ТҚС2 :</u> $Q_{P\,ТКС1-2} = 2269{,}85\ кВар$, $Q_{P\,НБК\,ТКС1-2} = x$,

Онда: $$Q_{P\,НБК\,ТКС1-2} = \frac{Q_{НБК} \cdot Q_{P\,ТКС1-2}}{Q_{P0,4}} \qquad (2.23)$$

$$Q_{P\,НБК\,ТКС1-2} = \frac{2742{,}4 \cdot 2269{,}85}{4742{,}3} = 1312{,}62\ кВар$$

сонымен, нақты реактивті қуат: $Q_{Ф\,ТКС1-2} = 4 \cdot 280 = 1120\ кВар$
ал компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{НЕСК} = Q_{P\,ТКС1-2} - Q_{Ф\,ТКС1-2} \qquad (2.24)$$

$$Q_{НЕСК} = 2269{,}85 - 1120 = 1149{,}85\ кВар$$

<u>ТҚС3- ТҚС4 :</u> $Q_{P\,ТКС3-4} = 1646{,}7\ кВар$, $Q_{P\,НБК\,ТКС3-4} = x$,

Онда: $$Q_{P\,НБК\,ТКС3-4} = \frac{Q_{НБК} \cdot Q_{P\,ТКС3-4}}{Q_{P0,4}} \qquad (2.25)$$

$$Q_{P\,НБК\,ТКС1-2} = \frac{2742{,}4 \cdot 1646{,}7}{4742{,}3} = 952{,}26\ кВар$$

сонымен, накты реактивті қуат: $Q_{Ф\,ТКС3-4} = 4 \cdot 280 = 1120\ кВар$,
ал компенсацияланбаған қуат:

$$Q_{НЕСК} = Q_{P\,ТКС3-4} - Q_{Ф\,ТКС3-4} \qquad (2.26)$$

$$Q_{НЕСК} = 1646{,}7 - 1120 = 526{,}7\ кВар$$

<u>ТҚС5:</u> $Q_{P\,ТКС5} = 825{,}7\ кВар$, $Q_{P\,НБК\,ТКС5} = x$,

Онда: $$Q_{P\,НБК\,ТКС5} = \frac{Q_{НБК} \cdot Q_{P\,ТКС5}}{Q_{P0,4}} \qquad (2.27)$$

$$Q_{P\,НБК\,ТКС1-2} = \frac{2742{,}4 \cdot 825{,}7}{4742{,}3} = 477{,}48\ кВар$$

сонымен, накты реактивті қуат: $Q_{Ф\,ТКС3-4} = 2 \cdot 280 = 560\ кВар$,

ал компенсацияланбаган қуат:

$$Q_{НЕСК} = Q_{Р\,ТКС5} - Q_{Ф\,ТКС5} \qquad (2.28)$$

$$Q_{НЕСК} = 825{,}7 - 560 = 265{,}7\ кВар$$

2.4-кесте- ТҚС бойынша $Q_{НБК}$ қуаттары

ТҚС номері	$Q_{Р_{ТП}}$, квар	$Q_{рНБК}$, квар	$Q_{нБК_{ТПскомп}}$, квар	$Q_{нескомп}$, квар
ТҚС № 1-2	2269,85	1312,62	1120	1149,85
ТҚС № 3-4	1646,7	952,26	1120	526,7
ТҚС № 5	825,7	477,48	560	265,7
Жинағы	4742,3	2742,4	2800	1942,25

2.5 Өнеркәсіптік аймақтың нақтыланған жүктемесінің есептелуі

2.5.1 ЦТП-дағы қуат шығындарын анықтау

ТМ-1000/10-81У1 трансформаторын таңдаймыз.

2.5-кесте– Трансформатордың параметрлері

Трансформатор атауы	Кернеу, кВ		Шығындар,кВт		Кернеу к.з.,%	Ток хх,%
	ЖК	ТК	ХХ	КЗ		
ТМ-1000/10-81У1	10	0,4	2,1	12,2	5,6	1,28

1) ТҚС 1-2 үшін:
Кз=0,78; N=4.

$$\Delta Pm = (\Delta Pxx + \Delta Pкк \cdot Кз^2) \cdot N \qquad (2.29)$$

$$\Delta Pm = (2{,}1 + 12{,}2 \cdot 0{,}78^2) \cdot 4 = 38{,}1\ кВт$$

$$\Delta Qm = (\frac{Ixx\%}{100} \cdot Sнн + \frac{Uкк\%}{100} \cdot Sнн \cdot Кз^2) \cdot N \qquad (2.30)$$

$$\Delta Qm = (\frac{1,28}{100} \cdot 1000 + \frac{5,6}{100} \cdot 1000 \cdot 0,78^2) \cdot 4 = 187,5 \ кВар$$

2) ТҚС 3-4 үшін:
Кз=0,66 N=4

$$\Delta Pm = (\Delta Pxx + \Delta Pкк \cdot Кз^2) \cdot N \qquad (2.31)$$

$$\Delta Pm = (2,1 + 12,2 \cdot 0,66^2) \cdot 4 = 29,7 \ кВт$$

$$\Delta Qm = (\frac{Ixx\%}{100} \cdot Sнн + \frac{Uкк\%}{100} \cdot Sнн \cdot Кз^2) \cdot N \qquad (2.32)$$

$$\Delta Qm = (\frac{1,28}{100} \cdot 1000 + \frac{5,6}{100} \cdot 1000 \cdot 0,66^2) \cdot 4 = 148,8 \ кВар$$

3) ТҚС 5 үшін:
Кз=0,73 N=2

$$\Delta Pm = (\Delta Pxx + \Delta Pкк \cdot Кз^2) \cdot N \qquad (2.33)$$

$$\Delta Pm = (2,1 + 12,2 \cdot 0,73^2) \cdot 2 = 17,2 \ кВт$$

$$\Delta Qm = (\frac{Ixx\%}{100} \cdot Sнн + \frac{Uкк\%}{100} \cdot Sнн \cdot Кз^2) \cdot N \qquad (2.34)$$

$$\Delta Qm = (\frac{1,28}{100} \cdot 1000 + \frac{5,6}{100} \cdot 1000 \cdot 0,73^2) \cdot 2 = 85,3 \ кВар$$

Барлық трансформатордағы соммалық шығындар

$$\Sigma P_{1-5} = 38,1 + 29,7 + 17,2 = 85 \ кВт$$

$$\Sigma Q_{1-5} = 187.5 + 148.8 + 85.3 = 421.6 \ кВар \ .$$

2.5.2 БТҚС 10кВ шинасындағы реактивті қуат компенсациясын есептеу



2.2–сурет- Орынбасу схемасы

Резервті куат

$$Q_{РЕЗ} = 0{,}1 \cdot 2Q_{расч} = 0{,}1 \cdot \left(Q_{Р0,4} + \Delta Q_T\right) \tag{2.35}$$

$$Q_{РЕЗ} = 0{,}1 \cdot \left(4742{,}3 + 421{,}6\right) = 516{,}4\ кВар$$

ЭЖ келетін куат

$$Q_Э = 0{,}23 \cdot \Sigma P_Р = 0{,}23 \cdot \left(\Sigma P_{Р0,4} + \Delta P_T\right) \tag{2.36}$$

$$Q_Э = 0{,}23 \cdot \left(6531{,}9 + 85\right) = 1521{,}9\ кВар$$

ВБК қуатын реактивті қуатты балансы анықталады

$$Q_{ВБК} = Q_{Р0,4} + \Delta Q_T + Q_{РЕЗ} - Q_Э - \Sigma Q_{НБК} \tag{2.37}$$

$$Q_{ВБК} = 4742{,}3 + 421{,}6 + 516{,}4 - 1521{,}9 - 2800 = 1358{,}4\ кВар$$

$Q_{ВБК}$ = 1358,4 кВар, яғни $Q_{ВБК}$> 0 квар болғандықтан, біз жоғарғы вольтті конденсатор батареясын қарастырамын: 2хАКУ-НЗК-10-900-300

Төмен және жоғары кернеулі жүктемелердің есептік қуатын, ЦТП трансформаторларының жоғалуын, дайын өнім қоймасы, сорғы станциясы, құрылыс цехы мен бетон конструкцияларын өндіру корпусын ескере отырып, «Өнеркәсіптік аймақтың күштік жүктемесінің нақтыланған есебі» 2.6-кестесін толтырамыз.

2.6-кесте– Өнеркәсіптік аймақтың күштіклік жүктеме нақтыланған есебі

№ТҚС, Qбктп	Цех №	n	Pnmin-Pnmax	$\Sigma P_н$	m	$К_и$	Орташа қуаттар		$N_э$	$К_м$	Есептік қуаттар			$К_з$
							P см, кВт	Q см, кВар			P р, кВт	Q р, кВар	S р, кВА	
ТҚС1-2 (4х1000 кВа)	2	24	1-40	130		0,35	45,5	60,5						
	6	110	1-150	5400		0,4	2160	1900,8						
	7	20	1-55	470		0,7	329	246,8						
Күштік		154	1-150	6000	>3	0,48	2534,5	2208,1	80	1,1	2788	2208,1		
Жарықтық											123,5	61,75		
Qнбк												-1120		
Барлығы											2911,5	1149,85	3130,4	0,78
ТҚС 3-4 (4х1000 кВа)	1	15	1-25	85		0,25	21,25	28,27						
	3	42	1-60	930		0,5	465	409,2						
	4	70	1-70	1750		0,4	700	714						
	8	45	1-30	300		0,5	150	153						
	9	56	1-40	560		0,35	196	172,5						
Күштік		228	1-70	3625	>3	0,4	1532,3	1477	104	1,08	1654,9	1477		
Жарықтық											335,6	167,8		
Qнбк												-1120		
Барлығы											1990,5	524,8	2058,6	0,61
ТҚС 3-4 (2х1000 кВа)	5	35	1-45	240		0,3	72	54						
	10	12	1-35	160		0,3	48	36						
	11	50	1-110	640		0,55	352	264						
	12	15	1-40	340		0,3	102	104,1						
	13	43	1-40	310		0,4	124	109,1						
Күштік		155	1-110	1690	>3	0,4	698	567,2	31	1,19	830,62	567,2		
Терр. жарықтануы											195,6	97,8		
Жарықтық											321,4	160,7		

2.6 кестесінің жалғасы

№ТҚС, Qбктп	Цех №	n	Pnmin-Pnmax	$\Sigma P_н$	m	$К_и$	Орташа қуаттар		$N_э$	$К_м$	Есептік қуаттар			$К_з$
							P см, кВт	Q см, кВар			P р, кВт	Q р, кВар	S р, кВА	
$Q_{нбк}$												-560		
Барлығы											1347,7	265,7	1373,7	0,68
0,4 кВ шинасында барлығы											6249,7	1940,35		
ΣΔPт ΣΔQт											85	421,6		
10кВ шинаға келтірілген 0,4кВ жүктемесі											6334,7	2361,95		
$Q_{вбк}$												-900		
Зауыт б/ша барлығы											**6334,7**	**1461,95**	**6413,7**	

3 Сыртқы электрмен жабдықтау схемаласының нұсқаларын салыстыру

Қоректендіруді қуаты 25 МВА, кернеуі 230/115/10,5 кВ екі үш орамды трансформатор орнатылған қуаты шектелмеген энергия жүйесінің қосалқы станциясынан жүзеге асыруға болады. Энергожүйенің зауытқа дейінгі қашықтық – 3 км. Зауыт үш ауысыммен жұмыс атқарады. Салыстыру үшін біз сыртқы электр жабдықтауының екі нұсқасы бойынша қарастырамыз.

3.1 Бірінші нұсқа 115 кВ желі үшін



3.1-сурет- Электрмен жабдықтаудың 1-ші нұсқасы

Бірінші нұсқа бойынша электр құрылғыларын таңдаймыз
1) БТҚС трансформаторын таңдаймыз

$$S = \sqrt{Pp^2 + Qэ^2} \qquad (3.1)$$

$$S = \sqrt{6334{,}7^2 + 1521{,}9^2} = 6515 \text{ кВА}$$

Қуаты 6300 кВА трансформатор таңдаймыз.
Жүктелу коэффициенті

$$Кз = \frac{Sp}{2 \cdot Sн} \qquad (3.2)$$

$$Кз = \frac{6515}{2 \cdot 6300} = 0{,}52$$

Қуаты 6300 кВА трансформатор таңдаймыз.

3.1-кесте– Трансформатордың параметрлері

Трансформатор типі	Кернеу, кВ		Шығындар,кВт		Кернеу к.з.,%	Ток хх,%
	ЖК	ТК	ХХ	КЗ		
ТМН-6300/110	115	10,5	11,5	44	10,5	0,8

Трансформатордағы қуатың шығыны анықтау:
Активті

$$\Delta P_{тр\ БТКС} = 2 \cdot \left(\Delta P_{xx} + \Delta P_{КЗ} \cdot K_З^2\right) \qquad (3.3)$$

$$\Delta P_{тр\ БТКС} = 2 \cdot \left(11{,}5 + 44 \cdot 0{,}52^2\right) = 46{,}8\ кВт$$

Реактивті

$$\Delta Qт = 2 \cdot \left(\frac{I_{XX}}{100} \cdot S_{НТ} + \frac{U_{КЗ}}{100} \cdot S_Н \cdot K_З^{\ 2}\right) \qquad (3.4)$$

$$\Delta Qт = 2 \cdot \left(\frac{0{,}8}{100} \cdot 6300 + \frac{10{,}5}{100} \cdot 6300 \cdot 0{,}52^2\right) = 458{,}6 \text{ квар}$$

Трансформатордағы энергия шығыны.
Үш ауысымды жұмыс атқару бойынша Твкл = 6000 саг, Тмакс = 6000 саг

Ондай болса уақытың максималдық шығын

$$\tau = (0{,}124 + \frac{Тм}{10000})^2 \cdot 8760 \qquad (3.5)$$

$$\tau = (0{,}124 + \frac{6000}{10000})^2 \cdot 8760 = 4591\, саг.$$

БТҚС трансформаторының активті энергияны шығыны

$$\Delta W = 2 \cdot \left(\Delta P_{XX} \cdot T_{ВКЛ} + \Delta P_{КЗ} \cdot \tau \cdot K_З^2\right) \qquad (3.6)$$

$$\Delta W = 2 \cdot \left(11{,}5 \cdot 6000 + 44 \cdot 4591 \cdot 0{,}52^2\right) = 247244\, кВтсаг$$

ЭЖ –115 кВ
ЭЖ бойынша толық қуат

$$S_{ЛЭП} = \sqrt{\left(P_р + \Delta P_т\right)^2 + Q_э^{\ 2}} \qquad (3.7)$$

$$S_{ЛЭП} = \sqrt{(6334{,}7 + 46{,}8)^2 + 1521{,}9^2} = 6560{,}5\, кВА.$$

Бір желі арқылы жүретін тоқ

$$\text{Iр} = \frac{S_{лэп}}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_н} \qquad (3.8)$$

$$\text{Iр} = \frac{6560{,}5}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 115} = 16{,}46\ A$$

Апаттық режим тогы

$$\text{Iав} = 2 \cdot \text{Iр} \qquad (3.9)$$

$$\text{Iав} = 2 \cdot 16{,}46 = 32.92\ A$$

Біз сымның көлденең қимасын экономикалық ток тығыздығымен анықтаймыз

$$F = \frac{I_р}{j} \qquad (3.10)$$

$$F = \frac{16{,}46}{1} = 16{,}46\ \text{мм2}$$

мұнда $Ip = 16{,}46\ A$ желінің есептік тогы, j=1А/мм^2 - $Тмакс = 6000$ саг алюминий сымдары болған кезде үнемді токтардың тығыздығы.

Токтың экономикалық тығыздығына байланысты АС-120/19 $I_{доп} = 390$ А сымын таңдаймыз

$$I_{доп} = 390\ A > Ip = 16{,}46\ \ A$$

Апаттық режимде

$$I_{доп\ ав} = 1{,}3 \cdot I_{доп} \tag{3.11}$$

$$I_{доп\ ав} = 1{,}3 \cdot 390 = 507 > Iaa = 32{,}92\ \ A$$

ЭЖ-нің электроэнергия шығыны

$$\Delta W_{лэп} = 2 \cdot 3 \cdot I^2 \cdot R \cdot \tau \tag{3.12}$$

$$\Delta W_{лэп} = 2 \cdot 3 \cdot 16{,}46^2 \cdot 2{,}37 \cdot 10^{-3} \cdot 4591 = 17687{,}5\ кВт \cdot саг,$$

мұнда $R = r_0 \cdot l$, қимасы 26,6 мм2 болатын алюминий сымының кедергісі $r_0 = 0{,}79$ Ом/км , сымның ұзындығы $l = 3$ км

$$R = r_0 \cdot l \tag{3.13}$$

$$R = 0.79 \cdot 3 = 2{,}37\ Ом$$

U=115 кВ сөндіргіштер мен ажыратқыштарды қарастыру(3.4-сурет).



3.2-сурет- Орынбасу схемасы

Салыстырмалы бірліктердегі ҚТ тогын есептеңіз. Негізгі мән ретінде біз $S_б = 1000$ МВА қуатын және $U_б = 115$ кВ кернеуін, $S_С = 25$ МВА , содан кейін негізгі токты алып ондай болса базисті тоқ

$$I_б = \frac{S_б}{\sqrt{3} \cdot U_б} \tag{3.14}$$

$$I_б = \frac{1000}{\sqrt{3} \cdot 115} = 5{,}02\ кА$$

$$\text{ЛЭП:}\quad \text{Хлэп} = X_0 \cdot L \cdot \frac{Sб}{Uср^2} \tag{3.15}$$

$$\text{Хлэп} = 0{,}4 \cdot 3 \cdot \frac{1000}{115^2} = 0{,}09$$

$$\text{Тр. БТҚС:}\quad \text{ХтБТКС} = \frac{U_k \cdot Sб}{100 \cdot Sнн} \tag{3.16}$$

$$\text{ХтБТКС} = \frac{115 \cdot 1000}{100 \cdot 25} = 46$$

Тр. Э/С: ТМН-6300/110 (12,254 млн тг)

$$S_H = 25\ MBA$$

$$u_{kBH} = 10{,}5\% \qquad u_{kCH} = 0\% \qquad u_{kCH} = 0\%$$

$$U_{KB} = 0{,}5 \cdot (u_{kBC} + u_{kBH} - u_{kCH}) \tag{3.17}$$

$$U_{KB} = 0{,}5 \cdot (0 + 10{,}5 - 0) = 5{,}25$$

$$U_{KC} = 0{,}5 \cdot (u_{kBH} + u_{kCH} - u_{kCB}) \tag{3.18}$$

$$U_{KC} = 0{,}5 \cdot (0 + 0 - 10{,}5) = 0$$

$$U_{KH} = 0{,}5 \cdot (u_{kBH} + u_{kCH} - u_{kCB}) \tag{3.19}$$

$$U_{KH} = 0{,}5 \cdot (10{,}5 + 0 - 0) = 5{,}25$$

$$I_{XX} = 0{,}45\%$$

$$X_B = \frac{U_{KB} \cdot Sб}{100 \cdot Sнн} \tag{3.20}$$

$$X_B = \frac{5{,}25 \cdot 1000}{100 \cdot 25} = 2{,}1$$

$$X_C = 0$$

$$X_H = \frac{U_{KH} \cdot Sб}{100 \cdot Sнн} \quad (3.21)$$

$$X_H = \frac{5{,}25 \cdot 1000}{100 \cdot 25} = 2{,}1$$

К-1: $$I_{K1}^{(3)} = \frac{Iб}{X_{TC}} \quad (3.22)$$

$$I_{K1}^{(3)} = \frac{5{,}02}{2{,}1 + 2{,}1} = 1{,}2\ kA;$$

$$i_{y1} = \sqrt{2} \cdot Ky \cdot Ik1 \quad (3.23)$$

$$i_{y1} = \sqrt{2} \cdot 1{,}8 \cdot 1{,}2 = 3{,}05\ кA$$

К-2: $$I_{K2}^{(3)} = \frac{Iб}{X_{TC} + X_{ЛЭП}} \quad (3.24)$$

$$I_{K2}^{(3)} = \frac{5{,}02}{2{,}1 + 2{,}1 + 0{,}09} = 1{,}17\ kA;$$

$$i_{y2} = \sqrt{2} \cdot Ky \cdot Ik2 \quad (3.25)$$

$$i_{y2} = \sqrt{2} \cdot 1{,}8 \cdot 1{,}17 = 2{,}97\ кA$$

В1-В3 және Р1-Р6 үшін:

$$I_р = \frac{S_{НТС}}{\sqrt{3} \times Uн} \quad (3.26)$$

$$I_р = \frac{6300}{\sqrt{3} \times 115} = 31{,}6\ A$$

$$Iав = 2 \cdot Iр \quad (3.27)$$

$$Iав = 2 \cdot 31{,}6 = 63{,}2\ A$$

В1 мен В2: Элегазды сөндіргіш ЯЭ-110Л-23(13)У4

3.2-кесте– Элегазды сөндіргіш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1250 А	63,2 А	$I_{ном} > I_{ав}$
40 кА	1,2 кА	$I_{откл} > I_{к1}$
125 кА	3,05 кА	$I_{пред} > i_{у1}$
50 кА	1,2 кА	$I_{терм} > I_{к1}$

Бағасы 12,685 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 13,953 млн тг
Р1-Р4: Ажыратқыш РНД-110/1000 У1

3.3-кесте– Ажыратқыш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1000 А	63,2 А	$I_{ном} > I_{ав}$
80 кА	3,05 кА	$I_{пред} > i_{у1}$
31,5 кА	1,2 кА	$I_{терм} > I_{к1}$

Бағасы 1,453 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 1,598 млн тг
В3 секциондық сөндіргіш үшін:
Элегазды сөндіргіш ЯЭ-110Л-23(13)У4

3.4-кесте– Элегазды сөндіргіш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1250 А	31,6 А	$I_{ном} > I_{Р}$
40 кА	1,2 кА	$I_{откл} > I_{к1}$
125 кА	3,05 кА	$I_{пред} > i_{у1}$
50 кА	1,2 кА	$I_{терм} > I_{к1}$

Бағасы 12,685 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 13,953 млн тг
Р5 пен Р6 секциондық ажыратқыштары үшін:
Ажыратқыш РНД-110/1000 У1

3.5-кесте– Ажыратқыш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1000 А	31,6 А	$I_{ном} > I_{Р}$
80 кА	3,05 кА	$I_{пред} > i_{у1}$
31,5 кА	1,2 кА	$I_{терм} > I_{к1}$

Бағасы 1,453 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 1,598 млн тг

В4, В5 және Р7-Р10 үшін:

$$Iр = \frac{S_{лэп}}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_н} \quad (3.28)$$

$$Iр = \frac{6560,5}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 115} = 16,46\ A$$

$$Iав = 2 \cdot Iр \quad (3.29)$$

$$Iав = 2 \cdot 16,46 = 32,92\ A$$

В4 пен В5: Элегазды сөндіргіш ЯЭ-110Л-23(13)У4

3.6-кесте– Элегазды сөндіргіш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1250 А	32,92 А	$I_{ном} > I_{ав}$
40 кА	1,2 кА	$I_{откл} > I_{к1}$
125 кА	3,05 кА	$I_{пред} > i_{у1}$
50 кА	1,2 кА	$I_{терм} > I_{к1}$

Бағасы 12,685 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 13,953 млн тг

Р7-Р10: Ажыратқыш РНД-110/1000 У1

3.7-кесте– Ажыратқыш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1000 А	32,92 А	$I_{ном} > I_{ав}$
80 кА	3,05 кА	$I_{пред} > i_{у1}$
31,5 кА	1,2 кА	$I_{терм} > I_{к1}$

Бағасы 1,453 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 1,598 млн тг

В4-В7 және Р7-Р14 үшін

$$I_р = \frac{S_{нЗав}}{2 \times \sqrt{3} \times U_н} \quad (3.30)$$

$$I_р = \frac{6413,7}{2 \times \sqrt{3} \times 115} = 16,1\ A$$

$$Iав = 2 \cdot Iр \quad (3.31)$$

$$Iав = 2 \cdot 16,1 = 32,2\ A$$

В6 мен В7: Элегазды сөндіргіш ЯЭ-110Л-23(13)У4

3.8-кесте– Элегазды сөндіргіш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1250 А	32,2 А	$I_{ном} > I_{ав}$
40 кА	1,17 кА	$I_{откл} > I_{к2}$
125 кА	2,97 кА	$I_{пред} > i_{у2}$
50 кА	1,17 кА	$I_{терм} > I_{к2}$

Бағасы 12,685 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 13,953 млн тг
Р11-Р14: Ажыратқыш РНД-110/1000 У1

3.9-кесте– Ажыратқыш шартын тексеру

Паспорттық мәлімет	Есептік мәлімет	Таңдалу шарты
1000 А	32,2 А	$I_{ном} > I_{ав}$
80 кА	2,97 кА	$I_{пред} > i_{у2}$
31,5 кА	1,17 кА	$I_{терм} > I_{к2}$

Бағасы 1,453 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 1,598 млн тг
Асқын кернеуді шектегіш ОПН-110У1 таңдаймыз
Бағасы 0,137 млн тг + 10% (монтаж бағасы) = 0,150 млн тг

Бірінші нұсқаның шығындарын анықтау
Зауыттық В1- В2 сөндіргішінің бағадағы меншікті коэффициенттері:

$$\gamma = \frac{Ia}{Iн} \tag{3.32}$$

$$\gamma = \frac{63,2}{1250} = 0,05$$

В1- В2 сөндіргішінің шығыны

$$К_{В1\text{-}В2} = 2 \cdot 0,05 \cdot 13,953 = 1,395 \text{ млн тг}$$

Зауыттық В3 сөндіргішінің меншікті баға коэффициенті

$$\gamma = \frac{Ip}{Iн} \tag{3.33}$$

$$\gamma = \frac{31,6}{1250} = 0,025$$

В3 сөндіргішінің шығыны

$$К_{В3} = 0{,}025 \cdot 13{,}953 = 0{,}349 \text{ млн тг}$$

В4- В7 сөндіргішінің шығыны

$$К_{В4\text{-}В7} = 4 \cdot 13{,}953 = 55{,}8 \text{ млн тг}$$

Зауыттық Р1- Р4 ажыратқыш бағадағы меншікті коэффициенті

$$\gamma = \frac{Ia}{Iн} \tag{3.34}$$

$$\gamma = \frac{63{,}2}{1000} = 0{,}063$$

Р1- Р4 ажыратқышының шығыны

$$К_{Р1\text{-}Р4} = 4 \cdot 0{,}063 \cdot 1{,}598 = 0{,}403 \text{ млн тг}$$

Зауыттық Р5- Р6 ажыратқыш бағадағы меншікті коэффициенті:

$$\gamma = \frac{Ip}{Iн} \tag{3.35}$$

$$\gamma = \frac{31{,}6}{1000} = 0{,}031$$

Р5- Р6 ажыратқышының шығыны

$$К_{Р5\text{-}Р6} = 2 \cdot 0{,}031 \cdot 1{,}598 = 0{,}099 \text{ млн тг}$$

Р7- Р14 ажыратқышының шығыны

$$К_{Р7\text{-}Р14} = 8 \cdot 1{,}598 = 12{,}8 \text{ млн тг}$$

ОПН шығыны

$$К_{ОПН} = 2 \cdot 0{,}15 = 0{,}3 \text{ млн тг}$$

БТҚС трансформатор шығыны

$$К_{ТРБТКС} = 2 \cdot 11,140 = 22,280 \text{ млн тг}$$

Станцияның жобаланған электр жүйесінің трансформаторлық қуатының үлестік қатысы

$$\gamma = \frac{S_{ном.зав}}{2 \cdot S_{н.Э/С}} \quad (3.36)$$

$$\gamma = \frac{6413,7}{2 \cdot 6300} = 0,5$$

ЭЖ трансформаторының шығыны

$$К_{тр.Э/С} = 2 \cdot 0,5 \cdot 12,254 = 12,254 \text{ млн тг}$$

Қондырғыларға кеткен барлық шығындар

$$К_{ОБ} = К_{В1-2} + К_{В3} + К_{В4-7} + К_{Р1-4} + К_{Р5-6} + {}_{КР7-14} + К_{опн1-2} + К_{т\,БТКС} + К_{тр.э/с} \quad (3.37)$$

$$К_{ОБ} = 1,395 + 0,349 + 55,8 + 0,403 + 0,099 + 12,8 + 0,3 + 22,280 + 12,254 = 105,680 \text{ млн тг}$$

ЭЖ шығыны (екі тізбекті бетонды желі, сым АС-120/19):

$$К_{уд} = 0,300 \text{ млн тг/км.}$$

$$К_{ЛЭП} = l \cdot Куд \quad (3.38)$$

$$К_{ЛЭП} = 3 \cdot 0,300 = 0,900 \text{ млн тг}$$

Бірінші нұсқаның суммарлық шығыны

$$К_{\Sigma 1} = К_{об} + К_{ЛЭП} \quad (3.39)$$

$$К_{\Sigma 1} = 114,5 + 0,900 = 115,4 \text{ млн тг}$$

Ағындық шығындар

ЭЖ эксплуатациясының шығыны

$$И_{экс\,ЛЭП} = 0,004 \cdot К_{ЛЭП} \quad (3.40)$$

$$И_{экс\,ЛЭП} = 0,004 \cdot 0,900 = 0,0036 \text{ млн тг}$$

ЭЖ амортизациясы

$$И_{а\,ЛЭП} = 0,024 \cdot К_{ЛЭП} \quad (3.41)$$

$$И_{а\ ЛЭП} = 0{,}024 \cdot 0{,}900 = 0{,}0216 \text{ млн тг}$$

Қондырғылар эксплуатациясының шығыны

$$И_{экс\,об} = 0{,}03 \cdot К_{об} \qquad (3.42)$$

$$И_{экс\,об} = 0{,}03 \cdot 105{,}680 = 3{,}170 \text{ млн тг}$$

Барлық қондырғы амортизациясы

$$И_{а\,об} = 0{,}064 \cdot К_{об} \qquad (3.43)$$

$$И_{а\,об} = 0{,}064 \cdot 105{,}680 = 6{,}763 \text{ млн тг}$$

ЭЭ шығындарының бағасы

$$И_{потерь} = Co \cdot (W_{тргпп} + W_{лэп}) \qquad (3.44)$$

$$И_{потерь} = 0{,}053 \cdot (247244 + 17687{,}5) = 14{,}04 \text{ млн тг}$$

$$Co = 6{,}4 \text{ тг кВт} \cdot \text{саг}$$

Барлық ағындық шығын

$$И_{\Sigma 1} = И_а + И_э + И_{пот} \qquad (3.45)$$

$$И_{\Sigma 1} = 0{,}0036 + 0{,}0216 + 3{,}170 + 6{,}763 + 14{,}04 = 23{,}998 \text{ млн тг}$$

Есепте көрсетілген шығындар

$$З = 0{,}12 \cdot К_{\Sigma 1} + И_{\Sigma 1} \qquad (3.46)$$

$$З = 0{,}12 \cdot 115{,}4 + 23{,}998 = 37{,}846 \text{ млн тг}$$

3.2 Екінші нұсқа 10,5 кВ желі үшін



